

Жолдау - басты бағыт



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл - ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын Арқалыққа арнайы жұмыс сапарымен насихаттауға келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Мәжілістің «Заңнама және сот - құқықтық реформа» комитетінің мүшелері Василий Олейник пен Асылбек Смағұлов қала әкімдігінде, облыстық қазақ жасөспірімдер театрында, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында болды. «НұрОтан» партиясының Арқалық қалалық филиалында қоғамдық қабылдау өткізді.

Мәртебелі меймандармен өткізілген барлық шараларды қала әкімі Эльдар Күзенбаев жүргізіп отырды.

Елбасы Жолдауы - елдің әлеуметтік - экономикалық дамуының айқын көрсеткіші. Басты мақсат

- халықтың тұрмыс - тіршілігін жақсарту. Ел тұрмысы жылма жыл жақсарып келеді. Дей тұрғанмен әлі де болса көп жұмыстар атқару қажет. Тұрмыстың түзелуінде көп нәрсе адамның өзінің жеке басына да байланысты. Бұл жерде еңбек үлкен рөл атқарады. Әркім қолдан келген ісімен айналысып, үздіксіз машықтанатын болса - ол еңбек нәтижесіз болып қалмайды.

Осылайша тұжырымды ой өрбіткен ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары Жолдау жүктеген міндеттерге әр сала бойынша нақты тоқталып, жоғары заң шығарушы органның қолға алып жатқан тың реформаларынан да хабардар етті.

Халық қалаулыларымен кездесулерге қалалық мәслихат хатшысы, қала әкімінің орынбасарлары, қала әкімі аппаратының басшысы, мемлекеттік мекемелер басшылары, қала әкімдігінің жауапты қызметкерлері, денсаулық және білім беру мекемелерінің басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары мен қызметкерлері, институт және колледждердің басшылары, оқытушылар құрамы, студенттер және БАҚ өкілдері қатысты.

«Торғай - ақпарат»